



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«УНИВЕРСИТЕТ ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

PhD докторант: Асқарқызы С.

Отандық ғылыми жетекші: Әлқожаева Н.С.

Шетелдік ғылыми жетекші: Римантас Жельвис

Алматы, 2018 ж

Мазмұны

КІРІСПЕ

1 УНИВЕРСИТЕТТЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

- 1.1 Университеттік білім беру жүйесінде әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлау мәселесінің зерделену жайы
- 1.2 Білім беру менеджерлерін даярлаудың отандық және шетелдік тәжірибесі
- 1.3 Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлау мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары

2 УНИВЕРСИТЕТ ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

- 2.1 Әлеуметтік-педагогикалық менеджмент және әлеуметтік басқару теориялары әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлаудың мазмұндық негізі ретінде
- 2.2 Әлеуметтік педагогтың менеджер ретіндегі қызметінің сипаты
- 2.3 Университет жағдайында әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерді даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

3 УНИВЕРСИТЕТ ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ МАҚСАТЫНДА ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ

- 3.1 Әлеуметтік педагогтың қызметіндегі қолданылатын технологиялар жүйесі
- 3.2 Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлау үдерісін нормативті-құқықтық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
- 3.3 Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлаудың тәжірибелік-эксперименттің кезеңдері, әдістері және жұмыс нәтижелері

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОРҒАУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ҚАҒИДАЛАР

1

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерін даярлаудың ғылыми педагогикалық негізі – әлеуметтік педагог ретіндегі кәсіби мінездемесі, оның ішінде көшбасшылық қасиеті, басқару түсінігіне қатысты білім, білік дағдыларын пайдалана отырып, білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін басқаруын құрайды;

2

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерінің – әлеуметтік педагог ретіндегі оқу-тәрбие үдерісін, ұжымды, ақпаратты, оқу-танымдық іс-әрекетті басқарушылық функцияларына сәйкес жүзеге асыруы;

3

Әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде дайындаудың құрылымық-мазмұндық моделі. Модель негізгі үш: мақсатты, үдерісті-әдістемелік, бағалаушы рефлексивті компоненттерден тұрады;

4

Болашақ әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерін даярлау «Әлеуметтік-педагогикалық менеджмент негіздері» атты элективті курс аясында қалыптастырылуы;

5

«Университет жағдайында әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлау негіздері» атты әдістемелік кешенді тәжірибеде тексеру біздерге әлеуметтік менеджерлерді университетік білім беру жағдайында даярлаудың аралық мақсатын анықтауға мүмкіндік берді;

6

Әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде даярлауға бағытталған «Әлеуметтік-педагогикалық менеджмент негіздері» курсының жекелеген тақырыптарын оқу үдерісіне ендіру, олардың ұйымдастырушылық, басқарушылық, жобалаушылық және т.б. көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға алып келеді.

ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ

университеттік білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде даярлауды теориялық тұрғыда негіздеу, әдістемесін жасау және оны тәжірибелік-экспериментте тексеру.

ЗЕРТТЕУ МІНДЕТТЕРІ

- 1 Университеттік білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;
- 2 Университеттік білім беру жүйесінде әлеуметтік педагогтарды даярлау бағдарламаларын талдау;
- 3 Университеттік білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтардың менеджер ретіндегі іс-әрекетін айқындау;
- 4 Университеттік білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- 5 Университеттік білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде даярлаудың әдістемесін жасау және оны тәжірибелік-эксперименттен өткізу;
- 6 Университет жағдайында әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлау бойынша ұсыныстар беру.

1

Университеттік білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау

Зерттеу жұмысы
бойынша
теориялық
негіздер

Әлеуметтік педагогтарды оқытудың әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік қырлары И.А. Липский, Ф.А. Мустаева, М.А. Галагузова ғылымдардың тарапынан зерттелінді.

Қазақстандағы білім беру саласының болашақ менеджерлерін даярлаудың қазіргі заманғы туындаған мәселелері Сатывалдыева А.С.; А.Жунусбекованың PhD ғылыми дәрежесін алуға жазған диссертациясы қарастырылып, біздің зерттеу нысанымыздың мәселелерін шешуде тәжірибе жүзінде бағытымызды айқындауға мүмкіндік берді.

Ғылымда басқару мәселесінің зерттелу аспектісі пәнаралық сипатқа ие. Атап айтқанда, басқаруды алғашқылардың бірі болып зерттегендер, Ф.У.Тейлор, А. Файоль, П.Ф. Друккер және Э. Мэйо, кәсіпорындарды тиімді басқаруды зерттегендердің бірі Т. Буш, Дж. Мерсер, Б. Баркер, Р. Берд.

Сондай-ақ, білім беру жүйесінде басқаруды зерттеген шетел ғалымдары атап айтқанда Р. Жельвис, М.Баркаускайте, Ю. Мельникова, К.Я. Вазина, В. Д. Белиловский, Ю.Н. Петров, Ю.А.Конаржевский, В.С. Лазарев, М.М. Поташник, В.П. Симонов, Т.И. Шамова, С.Ю.Трапицын, А.П.Тряпицына, Н. Г.Санникова еңбектерінен көрініс тапқан. Басқарушылық әлеуетін қалыптастыру мәселесін зерттегендердің бірі В.Г.Бочарова, болашақ әлеуметтік педагогты даярлау бағытында И.А.Коробейникова, Р.С. Сеитова, Г.Г. Климованың еңбектерінде қарастырылған.

Білім берудің түрлі салаларындағы менеджмент мәселесі соңғы онжылдықтағы қазақстандық ғалымдардың қызығушылықтарын арттырды, атап айтақанда, К.Н. Нармбаев, А.А. Жайтапова, Т.М. Баймолдаев, З.А. Исаева, Н.С. Әлқожаева; А.А. Булатбаева З.М. Садвақасова, К.Ж. Аганина; Ж.Б.Умирбекова сияқты ғалымдар тобы зерттеген.

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҰҒЫРЛАР

	Тұғыр атауы	Негізгі түсініктер	Ұстанымдар
Әлеуметтік педагогтың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру	Жүйелілік тұғыр	басқару қызметіне даярлаудың кезеңдік жүйесі, жүйелілік, үдеріс	Иерархиялық, құрылымдық, іс-әрекеттік
	Тұлғаға бағдарлы тұғыр	Индивидуалды ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру	Сенім орнату, тұлғалық, қолдау
	Әрекеттік тұғыр	Студенттер мен оқытушылардың ынталандырылған және мақсатты іс-әрекеті	Іс-әрекет, бірлік, тұлғалық
	Құзыреттілік тұғыр	студенттердің теориялық және практикалық білімдерін өзіндік дербес меңгеруге жағдай жасап, нәтижеге жету	Іс-әрекетті тәжірибеге бағыттау, дамыту, нәтижеге жету
Іске асыру әдіс-тәсілдері	Педагогикалық кеңес беру, қолдау, таңдауға мүмкіндік тудыру; талдау; анализдеу; пікір айту; модельдеу; диалог жүргізу		

2 Университеттік білім беру жүйесінде әлеуметтік педагогтарды даярлау бағдарламаларын талдау;

«5B012300 – ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПӘНДЕРІНЕ ТАЛДАУ (МІНДЕТТІ ПӘНДЕР) 20 бет №3 кесте

Модульдер	Пәндер	Күтілетін нәтижелер	Басқарушылық құзыреттілік компоненттері	Басқарушылық құзыреттілікті қалыптастыру мүмкіндігі
1	2	3	4	5
Мемлекеттік міндетті модуль	Қазақстан тарихы; Кәсіби-бағытты қазақ (орыс) тілі; Кәсіби бағытты шет тілі; Ғылыми таным философиясы	Студенттер білуі тиіс: контекстінде Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тарихи даму барысының қалыптасу кезеңдерін және негізгі тарихи негіздерін білу; қазақстандық даму моделінің мағынасы мен ерекшеліктерін	Когнитивті Заманауи әлеуметтік-мәдени қоршаған ортаның даму заңын, әлеуметтік-педагогикалық қызметтің түрлерін, рухани-адамгершілік оқыту негізін білуі; әлеуметтік педагог пен өзін-өзі тану мұғалімдерінің кәсіби қызметіндегі негізгі аспектілерін білуі;	Толықтай қамтамасыз етпейді
Әлеуметтік – коммуникативті модуль	Тұлғааралық коммуникациялар психологиясы және теориялық қолданбалы саясаттану;	Студенттер біледі: конфессиялық дәстүрлер мен түрлі мәдениеттерге толеранттылық және қоғамдық-	Тұлғалық-құндылықты Мамандықты игеру мақсатында интеллектуальды, моральды адамгершіліктік, мәдениеттік	

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің және Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша Білім беру бағдарламасының таңдаулы пәндеріне (элективті пәндер) талдау жүргіздік, себебі міндетті негізгі пәндерінің мазмұны бірдей болғанымен, таңдаулы пәндердің мазмұндары мамандықтың таңдау траекториясына сәйкес әр түрлі мазмұнда құрылады. Кете №4, 25 бет.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	ҚазМемҚызПУ
Жеке білім траекторияларының модулі Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі	Негізгі элективті модуль
Жеке білім траекториясының модулі Әлеуметтік педагог-аниматор	Кәсіби элективті модуль Мамандандырылған элективті модуль

«5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша Білім беру бағдарламасының оқу жоспарына талдаудың нәтижесі болашақ әлеуметтік педагогтың басқарушылық құзыреттілігін дамытатын мазмұндық жағынан толықтыруды қажет етеді деп көрсетті. Осы орайда негізгі оқу жоспарын талдау әлеуметтік педагогтың басқарушылық құзыреттілігін жүйелі, тұтас қалыптастыру мақсатында жаңа курс мазмұнын енгізу қажет деген қорытындыға келдік.

3 Университеттік білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтардың менеджер ретіндегі іс-әрекетін айқындау

Білім беру менеджерінің басқарушылық функциясы мен әлеуметтік педагогтың қызметіне арналған салытырмалы талдау

Білім беру менеджерінің басқарушылық функциясының мазмұны	Әлеуметтік педагогтың қызметі
Ақпараттық-аналитикалық функция: өзінің басқарушылық қызметіне есеп беру; оқу-тәрбиелік үдерістің дамуына қатысты ақпараттық анализ, білім алушылардың үлгерімдерін бақылау.	Білім алушы және тәрбиеленуші балалардың психологиялық, физиологиялық, педагогикалық ерекшеліктеріне ақпараттық анализ жасау, танысу. Олардың қызығушылықтарын, қиындықтарын айқындау, оларға уақытында көмек көрсету, кекілжіндердің алдын алу.

Бұл кесте біз үшін үш маңызды сәтті растау болып табылады:

- 1) оқу мекемесінде басқаруға болатын әлеуметтік және педагогикалық қызметтің кең ауқымы бар;**
- 2) әлеуметтік педагогтың біліктілік сипаттамасымен анықталған лауазымдық міндеттері басқару функцияларына толық сәйкес келеді;**
- 3) әлеуметтік педагог, өз қызметінің әлеуметтік-педагогикалық бағыттылығы есебінен, педагогикалық ұжымның жұмысына жетекшілік ететін әлеуметтік және педагогикалық менеджер.**

4

Университеттік білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау



Аталынған міндетті жүзеге асыру барысында Модель негізгі үш: мақсатты, үдерісті-әдіснамалық, бағалаушы-рефлексивті компоненттерден құрылды. Мақсатты компонент мақсат, міндет, басқарушылық құзыреттілік өлшемдерін қамтыды. Үдерісті-әдіснамалық компонент тұғырлар, ұстанымдар, педагогикалық шарттар жиынтығын қамтыды. Бағалаушы рефлексивті компонент дайындық кезеңдерін, басқарушылық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі мен нәтижеден құрылды.

5

Университеттік білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде даярлаудың әдістемесін жасау және оны тәжірибелік-эксперименттен өткізу



Университеттік білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде даярлаудың әдістемесі ретінде:

1

«Әлеуметтік-педагогикалық менеджмент негіздері» атты элективті курсты;

2

«Университет жағдайында әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлау негіздері» атты әдістемелік кешенді;

3

Диагностикалық құралдарды ұсынамыз.

Сауалнама бойынша қойылған сұрақтар	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс студенттері	ҚазМемҚызПУ-нің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс студенттері
1	2	3
Менеджмент білім беру жүйесіне қажет	60%	61%
ЖОО-да менеджмент негіздерін оқыту маңызды	55%	52%
Сізді білім беруде менеджмент теориясын оқу қызықтырады ма?	85%	80%
Егер, Сіздің оқу жоспарыңызда таңдаулы пән ретінде «Әлеуметтік-педагогикалық менеджмент негіздері» пәні болса, таңдар ма едіңіз?	90%(иә)	85%(иә)

Сауалнаманың нәтижесі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің экспериментке қатысқан студенттердің 85%, ҚазМемҚызПУ-нің 75% студенттері «Менеджментті» ЖОО-да оқыту маңызды деп санайды.


Қазақстан Республикасында 2010 жылдан бастап, «5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша 14 жоғары оқу орындары мамандар даярлауда

№	Жоғары оқу орны
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
3	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
4	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты
5	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік аймақтық университеті (Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты)
6	Тараз мемлекеттік педагогикалық институты
7	Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты
8	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік
9	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
10	М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
11	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
12	Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
13	Ақтөбе Қазақ-Ресей университеті
14	Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті (Шымкент қаласы)

2010 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министірлігінен жылда «5B012300 - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығына әлеуметтік педагогтарды даярлауға мемлекеттік тапсырыс берілуде. Сонымен қатар аталынған мамандыққа жоғары оқу орны тарапынан ақылы негізде білім алушылар қабылдануда (кесте 18).


№	ЖОО-ны	2013	2014	2015	2016	2017
1	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті	15	20	30	25	9
2	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті	50	57	60	25	9
3	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты	25	20	20	15	9
4	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік аймақтық университеті (Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты)	25	35	10	-	5
5	Тараз мемлекеттік педагогикалық институты	25	21	20	15	9
6	Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты	20	15	25		19
7	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік	-	10	5	25	10
8	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті	-	10	10	-	-
9	М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	-	-	10	-	10
10	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті	-	-	-	-	5
11	Жалпы конкурс	84	133	85	123	165
	Жалпы	244	321	275	228	232

Басқарушылық құзыреттіліктің когнитивті құраушының көрсеткіштері




Зерттеудің қорытындылай келе, жалпы алғанда студенттердің басқару үдерісінің теориясы мен практикасы жайлы түсініктері қалыптаспаған деген қорытындыға келдік. Атап айтқанда, бірінші блок бойынша «басқару» дегеніміз... деген тест сұрағына дұрыс түсініктемені көрсеткендер 10% құрады; тесттің екінші блогы бойынша респонденттердің тек 15% басқарудың негізгі стильдерін сипаттай алды; зерттеуіміздің үшінші блогы бойынша студенттердің педагогикалық жағдаяттарды шешуде басқарушылық дағдыларының төмен деңгейде екенің көрсетті.

Тәжірибелік эксперимент аясында студенттердің тұлғалық-құндылықты бағдарларын диагностикалау мақсатында С.С. Бубнованың «Жеке тұлғаның құндылық бағдарының нақты құрылымдық көрінісінің диагностикасы» жүргізілді




Жеке тұлғаның құндылық бағдарының нақты құрылымдық көрінісін анықтау мақсатында өткізілген әдістеменің нәтижесі екі топта да (бақылаушы, эксперименттік) шамамен бірыңғай нәтижені көрсетті. Екі топтың жетекші құндылық бағдарлары материалдық әл-ауқаттың жоғары болуы (көрсеткіш-4,64), әдемілікке ұмтылу, ляззат алу (көрсеткіш-4,25), денсаулық (көрсеткіш-4,15) болды. Орташа көрсеткіштерді көрсеткен құндылықтар жағымды уақыт өткізу (көрсеткіш-3,5), басқа адамдарға көмек көрсету, қайырылымдық жасау (сурет 3.35), махаббат (көрсеткіш-3.18) болды. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының нақты құрылымдық көрінісінің ең төмен көрсеткіштері адамдарды құрметтеу және басқаларға ықпал ету (көрсеткіш-2,9), қоғамда жетістіктерге жету үшін, қызмет ету (көрсеткіш-2,53), адамдарды басқару, әлеуметтік жоғары мәртебеге ие болу (көрсеткіш-2,48), өмірде, адамдарда, табиғатта жаңаны іздеу, тану, көру (көрсеткіш-2,37), қарым-қатынас (көрсеткіш-2,25).

Экспериментке қатысушы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін анықтау мақсатында Е.Жариков, Е.Крущельницкийдің «көшбасшылық қабілеттерді диагностикалау» әдістемесі қолданылды.




Өткізілген диагностика бойынша экспериментке қатысушы студенттердің 42%-да көшбасшылық қабілеттері төмен деңгейде екендігі анықталынды. Орташа деңгейде көшбасшылық қабілеттері қалыптасқандар 40%-ды көрсетті. Экспериментке қатысқан студенттердің 12%-да көшбасшылық қабілеттер жоғары деңгейде қалыптасқандығы анықталынды. Студенттердің 6% -ы ұпай саны бойынша 40-тан асқан, бұл көрсеткіш диктатор көшбасшының бейімділігіне сәйкес келді



Эксперименталды топтардың құндылық бағдарларындағы өзгерістерді анықтауда салыстырмалы талдауда өзгерістер бар екендігі көрсетілді. С.С. Бубнованың әдістемесін қолдана отырып, бақылаушы және эксперименталды топтардың студенттерінің тұлғалық құндылық бағдары құрылымының нәтижелерінің динамикасына салыстырмалы талдау жүргізілді. Атап айтқанда, адамдарды басқару, әлеуметтік жоғары мәртебеге ие болу (+1,3); қарым-қатынас (+1,4); басқа адамдарға көмек көрсету, қайырылымдық жасау (+1,6); материалдық әл-ауқаттың жоғары болуы (+0,55) көрсеткіштері анықталынды

Когнитивті құраушыны қайта текеру нәтижесінің талдауы эксперименталды топта орташа балл 60% -ға артуын көрсетті. Эксперименттік топта 80% -дын астамы педагогикалық басқару саласындағы негізгі санаттарды еркін біліп, түсінетіндігі айқындалды.

3-блок бойынша эксперименталды топтың нәтижелері салыстырмалы талдауда педагогикалық жағдаяттарды шешуде бақылаушы топтармен салыстырғанда дағдылары айтарлықтай жоғары деңгейде екендігін көрсетті.



Көшбасшылық қабілеттерді анықтау мақсатында эксперименталды топтардың студенттеріне Е.Жариков пен Е.Крушельницкийдің «көшбашылық қабілеттер диагностикасы» қайта жүргізілді. Көшбашылық қабілеттер диагностикасының нәтижесі төмендегідей

Эксперимент аталуы	Көшбасшылық қабілеттердің қалыптасу деңгейлері			
	Жоғары	Орташа	Төмен	«Көшбасшы диктат»
Бақылаушы топтың нәтижесі (анықтаушы эксперимент)	10	20	67	3
Бақылаушы топтың нәтижесі (қалыптастырушы эксперимент)	11	25	70	3
<i>Даму динамикасы</i>	1	5	3	-
Эксперименттік топтың нәтижесі (анықтаушы эксперимент)	12	40	42	6
Эксперименттік топтың нәтижесі (қалыптастырушы эксперимент)	45	30	20	5
<i>Даму динамикасы</i>	3	10	22	1

6 міндет

әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлау бойынша ұсыныстар

1

Болашақ әлеуметтік педагогтарды менеджер ретінде даярлауды 1 курстан бастап «Мамандыққа кіріспе» «Әлеуметтік педагогика» сияқты кәсіби пәндерді оқытқанда ескеру;

2

«Әлеуметтік-педагогикалық менеджмент негіздері» атты элективті пәнін «5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының білім беру бағдарламасын мазмұндық толтыру мәселесін шешетін негізі шарт ретінде ұсыну.

3

«5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының студенттерінің кәсіби тәжірибе бағдарламаларын «Университет жағдайында әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлау негіздері» атты әдістемелік кешен негізінде қайта құруды ұсынамыз.

Назарларыңызға рахмет!